В условиях непрерывного образования меняется и сама роль обучающегося: из пассивного слушателя он превращается в активного субъекта, «главного героя» своего развития. Психолого-педагогическое сопровождение в данном ключе направлено на формирование индивидуальных образовательных траекторий. В этой модели студент самостоятельно определяет приоритетные цели и темп изучения материала, опираясь на свои таланты и интересы. Педагог и психолог при этом выступают в качестве наставников и тьюторов, которые не диктуют условия, а помогают ориентироваться в информационном пространстве, развивая у студента ответственность за собственный результат.

Неотъемлемым условием успешного обучения является создание единой поддерживающей среды, объединяющей образовательную организацию и семью. В системе непрерывного образования социальное окружение играет ключевую роль в поддержании мотивации. Благодаря современным средствам коммуникации взаимодействие между родителями и педагогами становится более оперативным и конструктивным [8]. Совместное обсуждение стратегий развития и своевременная психологическая поддержка в семье позволяют создать устойчивый фундамент для личностного роста человека на любом возрастном этапе.

Подводя итог, следует отметить, что инновации в психолого-педагогическом сопровождении выходят далеко за рамки простой цифровизации. Это комплексный переход к глубокому пониманию потребностей личности в условиях меняющегося мира. Интеграция нейробиологических методов, использование аналитических возможностей искусственного интеллекта и опора на индивидуальные образовательные маршруты делают обучение по-настоящему адаптивным. Главным результатом таких инноваций становится не только качественное усвоение знаний, но и формирование гармонично развитой личности, готовой к успешной самореализации и обучению на протяжении всей жизни.

**Список использованных источников:**

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для вузов. – М.: Издательство Юрайт, 2023. – 384 с.
2. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: Смысл, 2022. – 448 с.
3. Тряпицына А.П. Инновационные процессы в современном образовании // Человек и образование. – 2024. – №1. – С. 8-14.
4. Захарова М.В. Цифровая трансформация образования: психолого-педагогический аспект // Вопросы психологии. – 2024. – №2. – С. 15-24.
5. Роберт И.В. Информационные технологии в образовании: дидактические методы и инновации. – М.: Педагогика, 2025. – 312 с.
6. Нейропедагогика / под ред. Т.В. Ахутиной. – М.: Академия, 2024. – 192 с.
7. Выготский Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В. Давыдова. – М.: Рипол Классик, 2023. – 480 с.
8. Мухина С.А., Соловьева А.А. Современные инновационные технологии обучения. – Алматы: Гылым, 2021. – 256 с.

**Станюкевич И.И.**

**ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ  
ДАМУЫ ПРОЦЕСТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДАҒЫ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР**

*Зерттеу заманауи білім беру жүйесіндегі субъектілерді қолдаудың цифрлық құралдарын және жекелендірілген стратегияларын енгізуді ашады.*

**ҚАЗІРГІ ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ХИМИЯЛЫҚ-  
ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
БИОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДЕЦИНА  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

---

---

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ХИМИКО-  
ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИХ И  
БИОЛОГО-МЕДИЦИНСКИХ  
НАУК НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ**

**Абишева А.Е., Турсынхан А.Р.**

Бакалавр, Қарағанды Медицина Университеті

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[A\\_Abisheva@qmu.kz](mailto:A_Abisheva@qmu.kz), [Tursynhan\\_A@qmu.kz](mailto:Tursynhan_A@qmu.kz)

Ғылыми жетекші: НАО «Қарағанды Медицина Университетінің» Фармация Мектебінің  
кауымд. профессоры, фарм.ғ.к. Г.Т. Мурзалиева

## **МАЙЛЫ ШАШҚА АРНАЛҒАН БАЛЬЗАМ**

*Майлы шашқа арналған, реттеуші, сергіткіш және қалпына келтіргіш әсері бар бальзам құрамы әзірленді.*

Қазіргі таңда майлы шаш мәселесі көптеген адамдар арасында кең таралған косметикалық проблема болып табылады. Қоршаған ортаның ластануы, гормоналдык өзгерістер, стресс және шаш күтіміне арналған құралдарды дұрыс таңдамау май бездерінің шамадан тыс жұмыс істеуіне әкеледі. Нәтижесінде шаш тез майланып, көлемін жоғалтады және эстетикалық көрінісі нашарлайды [1].

Майлы шашқа күтім жасауда тек сусабын қолдану жеткіліксіз, сондықтан бальзамдарды қолданудың маңызы арта түседі. Майлы шашқа арналған бальзамдар артық май бөлінуін реттеп, шаштың құрылымын жақсартады, тарауды жеңілдетеді және бас терісінің тепе-теңдігін сақтауға ықпал етеді.

Осыған байланысты майлы шашқа арналған тиімді әрі қауіпсіз бальзам әзірлеу косметология мен фармацевтика саласында өзекті болып табылады [1].

Жұмыстың **мақсаты** тиімді құрамы бар косметикалық өнім - бальзам құрамын әзірлеу.

### **Зерттеудің объектілері мен әдістері**

Зерттеу барысында шаш пен бас терісінің майлылыққа бейім физиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, құрамында катионды кондиционерлеуші заттар, өсімдік сығындылары, ылғалдандырғыштар, витаминдер және қышқылдар бар бальзам рецептурасы әзірленді.

Зерттеу объектілері ретінде келесі шикізаттар қолданылды:

Тазартылған су – бальзамның негізгі еріткіші және құрылым түзуші компоненті;

Цетеарил спирті – эмульгатор және қоюлатқыш ретінде;

Дипальмитоилэтил гидроксипропанолметосульфат пен цетримониум хлориді – шашты жұмсартатын және кондиционерлеуші катионды заттар ретінде;

Пропиленгликоль – ылғалдандырғыш және белсенді заттардың теріге енуін жақсартатын компонент ретінде қолданылды [2].

Өсімдік тектес белсенді заттар ретінде қалақай жапырағы сығындысы (*Urtica dioica*) және үлкен шоңайна тамыры сығындысы (*Arctium lappa*) пайдаланылды. Қалақай сығындысы май бездерінің қызметін реттейтін, шаш түбін нығайтатын қасиетке ие, ал шоңайна тамыры сығындысы бас терісін тыныштандырып, шаш құрылымын күшейтуге ықпал етеді [3].

Қосымша белсенді компоненттер ретінде инулин – ылғал сақтаушы, салицил қышқылы – майлы бас терісін тазартушы және бактерияға қарсы әсері бар зат, ретинил пальмитаты (А дәрумені) мен токоферол ацетаты (Е дәрумені) – қалпына келтіруші және антиоксиданттық қасиеттері бар витаминдер қолданылды. рН деңгейін реттеу үшін сүт және лимон қышқылдары, ал микробиологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында метилизотиазолинон консервант ретінде енгізілді. Өнімге жағымды иіс беру үшін лимон эфир майы мен жасмин хош иістендіргіші қолданылды [4].

Зерттеу әдістері ретінде майлы шашқа арналған бальзамды дайындаудың технологиялық әдістері қолданылды. Май фазасы мен су фазасы жеке дайындалып, белгіленген температурада гомогенизациялау арқылы эмульсия алынды. Дайын өнімнің сапасы органолептикалық, физика-химиялық және тұрақтылық көрсеткіштері бойынша бағаланды.

Коллоидтық тұрақтылық центрифугалау әдісімен, термиялық тұрақтылық қыздыру арқылы, ал сутектік көрсеткіш (рН) потенциометриялық әдіспен анықталды [5].

#### **Нәтижелер және оны талқылау**

Зерттеу барысында майлы шашқа арналған крем тәрізді бальзамның тәжірибелік үлгісі әзірленді. Бальзамды дайындау кезінде технологиялық регламентке сәйкес май фазасы мен су фазасы жеке дайындалып, кейін гомогенизациялау әдісі арқылы тұрақты эмульсия алынды. Май фазасын дайындау 60–70 °С температурада жүргізіліп, цетеарил спирті, фенил триметикон, дипальмитоилэтил гидроксипропантриол метосульфат және цетримониум хлоридінің толық еруі қамтамасыз етілді. Су фазасы тазартылған су мен пропиленгликоль негізінде дайындалды.

Эмульгирлеу нәтижесінде біртекті, қабаттарға бөлінбейтін крем тәрізді масса түзілді. Эмульсия 40–45 °С температураға дейін салқындатылғаннан кейін өсімдік сығындылары (қалақай жапырағы мен үлкен шоңайна тамыры), инулин, салицил қышқылы, А және Е витаминдері, сүт және лимон қышқылдары, консервант және хош иістендіргіш қосылды.

Дайын бальзамның негізгі сапалық көрсеткіштері анықталды: сыртқы көрінісі, түсі және иісі, олар нормаларға сәйкес келді.

Термиялық тұрақтылықты анықтау үшін ТС-80М маркалы құрғақ ауа термостатында тәжірибе жүргізілді: 1 г бальзам фарфор кесесіне салынды және термостатта 40–42°С температурада 1 сағат бойы ұсталынды. Эксперимент барысында бальзам өзгермей, біртекті болып қалды және бөлшектенбеді.

Коллоидтық тұрақтылықты анықтау: 6 г бальзам пластик сынамаларға орналастырылып, лабораториялық маркалы elmi CM-6M центрифугасында 6000 айн/мин жылдамдықпен 15 минут бойы центрифугаланған. Бальзам бөлшектенбеді, бұл оның коллоидтық тұрақтылығын дәлелдеді.

рН көрсеткішін анықтау: 1 г бальзам 100 мл тазартылған сумен араластырылып, шыны таяқша немесе магниттік араластырғышпен араластырылды, содан кейін рН-декантациясы өлшенді. Алынған көрсеткіш 5,4–5,5 шегінде болды.

Құрғақ қалдықты анықтау: Құрғақ қалдықты анықтау үшін алдымен бос бюкс тартылды. Содан кейін бюкске 5 мл экстракт қосылып, суды моншасында толық құрғағанша буландырылды. Құрғату процесі 100°С температурада 2 сағатқа созылды.

Таблица 1 - Алынған бальзамды талдау нәтижелері

Сапа көрсеткіштері	Сапа нормалары
Сыртқы түрі	Біртекті, бөгде қоспалар жоқ
Түсі	Ақшыл
Иіс	Лимон-жасмин
Коллоидты тұрақтылық	Тұрақты
Термиялық тұрақтылық	Тұрақты
Сутектік көрсеткіш, рН	5,4-5,5
Судың және ұшпа заттардың массалық үлесі, %	76-93

Талдау нәтижелерін алғаннан кейін біз алынған бальзамды құтыға құйып, оны таңбалаймыз.

Қорытындылай келе, дәрілік өсімдік материалдарына негізделген косметикалық бальзамның негізделген оңтайлы құрамы әзірленді. Сапа көрсеткіштері анықталды: сыртқы түрі, түсі, иісі және сутегі көрсеткіші, рН.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. А.Г.Башура, Н.П.Половко, Е.В. Гладух, Л.С. Петровская, И.И. Баранова, Т.Н. Ковалева, А.С. Зуева «Технология косметических и парфюмерных средств».- Украина: Золотые страницы, 2002. -Б. 272.
2. Байзолданов Т.«Косметикалық препараттар және оларды дайындауда қолданылатын белсенді және көмекші заттар».-Алматы: Эверо баспасы, 2020. – 212 б.
3. В. В. Гордеева, И. А. Мурашкина, И. Б. Васильев «Технология лечебно-косметических средств». -Ресей: Иркутск,2013.-64б
4. Б.А Сағындықова, Р.М. Анарбаева «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы». -Алматы: Эверо, 2018. -464б.
5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопея.– Алматы:Жибек жолы, 2008. - Т.1. -Б 592.

**Абишева А.Е, Турсынхан А.Р.  
БАЛЬЗАМ ДЛЯ ЖИРНЫХ ВОЛОС**

*Разработан состав бальзама для жирных волос с регулирующим, освежающим и восстанавливающим действием.*

**Аблаева А.А., Сайлауов Н.Н.**

«Фармация» білім беру бағдарламасының студенттері, Қарағанды Медицина Университеті  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[AblaevaA@qmu.kz](mailto:AblaevaA@qmu.kz)

Ғылыми жетекші: фарм.ғ.к., қауымд. профессор Г.Т. Мурзалиева

**ЭКОБАКТЕРИЦИДТІК ӘСЕРІ БАР ДӘСТҮРЛІ ҚАТТЫ ДӘРЕТХАНА САБЫНЫ**

*Қазіргі таңда гигиеналық құралдардың экологиялық қауіпсіздігі мен микробиологиялық тиімділігіне қойылатын талаптар артып келеді. Осы тұрғыда дәстүрлі сақар негізіндегі қара сабын технологиясын ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу өзекті болып табылады. Берілген жұмыста экобактерицидтік әсері бар дәстүрлі қатты дәретхана сабының құрамы мен әрекет ету қағидастары қарастырылды. Сабынның негізі ретінде өсімдік күлінен алынатын сақар пайдаланылып, ол табиғи сілті көзі ретінде сабыннану процесінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Сақарға тән сілтілік орта микроорганизмдердің тіршілік ету қабілетін төмендетіп, сабынның бактерицидтік қасиетінің қалыптасуына негіз болады.*

Сабын адамзат өркениетінде ерте кезеңдерден бастап қалыптасқан тұрмыстық-гигиеналық құралдардың бірі болып табылады. Оның пайда болуы адамдардың жеке тазалықты сақтау қажеттілігімен тікелей байланысты. Ғылыми деректерге сәйкес, сабын тәрізді алғашқы қоспалар б.з.д. шамамен 2800 жылдары Месопотамия аймағында қолданылған. Археологиялық зерттеулер барысында ежелгі вавилондықтардың май мен күлді араластырып пайдаланғаны анықталған. Бұл қоспалар қазіргі сабынның бастапқы үлгілері ретінде қарастырылады [1].

Алғашқы кезеңдерде сабын жуу құралы ретінде емес, негізінен теріні тазалау және жараларды өңдеу мақсатында қолданылған. Ежелгі Мысырда да жануар және өсімдік майлары сілтілі заттармен біріктіріліп, тері ауруларын емдеуге пайдаланылғаны белгілі. Уақыт өте келе сабын өндіру технологиясы жетілдіріліп, Ежелгі Римде тұрмыстық мақсатта кеңінен қолданыла бастады. «Сабын» атауы латынның *sapo* сөзінен шыққан деген ғылыми болжам бар. Орта ғасырлар кезеңінде сабын өндірісі Еуропада дамып, Франция, Испания және Италия жетекші орталықтарға айналды. Әсіресе зәйтүн майы негізінде дайындалған сабындар жоғары сапасымен ерекшеленді. Алайда бұл кезеңде сабын қымбат өнім болып, негізінен ауқатты

топтарға ғана қолжетімді болды. XVIII–XIX ғасырларда химия ғылымының дамуы нәтижесінде сабындану процесі ғылыми тұрғыдан негізделіп, өнеркәсіптік сабын өндірісінің қалыптасуына жол ашты [1].

Бұл жұмыстың **мақсаты** – эубактерицидтік қасиетке ие дәстүрлі қатты дәретхана сабының тиімді құрамын әзірлеу. Зерттеу барысында табиғи және қауіпсіз компоненттерді қолдану арқылы өнімнің бактерияға қарсы әсерін күшейту, сондай-ақ оның экологиялық тазалығын қамтамасыз ету көзделеді.

Өсімдік майын дайындау мақсатында стандартталған дәрілік өсімдік шикізаттарын пайдаландық.

**Кәдімгі арша (*Juniperus communis L.*)** – кипаристер тұқымдасына (Cupressaceae) жататын көпжылдық мәңгіжасыл бұта немесе аласа ағаш тәрізді өсімдік. Арша табиғи жағдайда орманды және таулы аймақтарда кең таралған. Дәрілік және косметикалық мақсатта өсімдіктің әртүрлі бөліктері, соның ішінде жемістері мен эфир майы алынатын жас өркендері шикізат ретінде қолданылады.

Арша шикізатының химиялық құрамы биологиялық белсенді заттарға бай болуымен ерекшеленеді. Оның құрамында эфир майлары, моно- және сесквитерпендер, флавоноидты қосылыстар, органикалық қышқылдар, шайырлы заттар және фитонцидтер кездеседі. Эфир майының негізгі компоненттері микробтарға қарсы белсенділік танытып, антисептикалық қасиет көрсетеді. Сонымен қатар, арша құрамындағы фитонцидтер патогенді микроорганизмдердің өсуін тежеуге қабілетті [2].

**1. Кәдімгі тмин (*Carum carvi L.*)** – астралылар тұқымдасына (Apiaceae) жататын екіжылдық шөптесін өсімдік. Табиғи жағдайда Еуропа мен Азияның қоңыржай аймақтарында кең таралған. Өсімдік ауыл шаруашылығында, фармацевтикада және косметологияда құнды шикізат көзі ретінде қолданылады. Дәрілік мақсатта тминнің тұқымдары негізгі шикізат болып табылады. Тмин тұқымдарының химиялық құрамы биологиялық белсенді қосылыстарға бай. Оның құрамында эфир майлары, монотерпендер, флавоноидтар, органикалық қышқылдар және фенолды қосылыстар анықталған. Эфир майының негізгі компоненттері ретінде карвон мен лимонен белгілі, олар өсімдікке тән хош иіс берумен қатар биологиялық белсенділік көрсетеді. Кәдімгі тминнің фармакологиялық қасиеттері ғылыми тұрғыдан зерттелген. Оның құрамындағы эфир майлары антимикробтық және қабынуға қарсы әсер көрсетуге қабілетті. Сонымен қатар, тмин сығындылары жеңіл антисептикалық және тыныштандыратын қасиетке ие. Бұл ерекшеліктер оны тері күтіміне арналған косметикалық өнімдердің құрамына енгізуге мүмкіндік береді [3].

Ірі қара май - сабынға **жұмсартқыш, қорғаныш және бактерицидтік қасиеттерін күшейтетін компонент ретінде** енгізіледі. Ол теріні нәрлендіріп, ылғалдандыруға көмектеседі, сабынның қаттылығын арттырады және микробқа қарсы әсерін қолдайды. Сонымен қатар, май сабынның **құрамы мен құрылымын тұрақтандырып, ұзақ уақыт қолдануға ыңғайлы** етеді [4].

Глицерин - **бұл мөлдір, тұтқыр және иіссіз тәтті сұйықтық көптеген косметикалық өнімдерде ылғалды сақтаушы, теріні жұмсартушы және ылғалдандыратын компонент ретінде қолданылады** [4].

Сақар ерітіндісі - сабынның триглицеридтер мен сілтілі заттар арасындағы химиялық реакция **процесін қамтамасыз ететін табиғи сілті көзі ретінде** қолданылады. Ол майларды сабынмен байланыстырылып, сабынның **қатты құрылымын қалыптастыруға және бактерицидтік қасиетін арттыруға** ықпал етеді [5].

#### **Нәтижелер және оны талқылау**

Сабын дайындау әдісі келесідей жүзеге асырылды: ірі қара майы балқытылады, және ерітілген сақар ерітіндісімен араластырылып, суда еріген компоненттермен қосылады. Эфир майлары мен глицерин соңғы кезеңде енгізіледі, бұл олардың белсенді қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді. Алынған масса қалыптарға құйылып, бірнеше күн бойы қатайтылады. Дайын сабынның бактерицидтік белсенділігі зертханалық жағдайда бағаланды. Арша және

қара зире эфир майларының құрамындағы фитонцидтік заттар эубактерицидтік әсерін күшейтті. Ірі қара майының жоғары май қышқылдары мен глицериннің ылғал сақтайтын қасиеті сабынның жұмсақ текстурасын және теріге жағымды әсерін қамтамасыз етті (1-кесте).

Кесте 1 - Сабынның құрамы

№	Компонент атауы	Мөлшері, г
1	Ірі қара майы	52,0
2	Сақар ерітіндісі (сілті)	24,0
3	Су	14,0
4	Арша эфир майы	2,0
5	Қара зире майы	3,0
6	Глицерин	5,0
<b>Барлығы</b>		<b>100,0</b>

Дайын косметикалық өнімнің сапасын бақылау мақсатында эубактерицидтік әсері бар қатты дәретхана сабын ГОСТ 28546-2002 көрсеткіштер бойынша бақыланады (2-кесте):

Көрсеткіш атауы	Сипаттамасы
Сыртқы түрі	Беті өрнекті немесе өрнексіз болуы мүмкін. Сабын бетінде жырықтар, жолақтар, томпаюлар, дақтар және анық емес штамп іздері болмауы тиіс
Пішіні	Техникалық құжаттамада белгіленген жеке фирмалық атауға сәйкес сабын пішіні
Түсі	Техникалық құжаттамада белгіленген жеке фирмалық атауға сәйкес сабын түсі
Иісі	Техникалық құжаттамада белгіленген жеке фирмалық атауға сәйкес, бөгде иіссіз
Консистенциясы	Ұстағанда қатты. Қимасында біртекті

Кесте 2 - Алынған сабынның талдау нәтижелері

Талдау нәтижелерін алынғаннан кейін біз алынған сабынды қаптауға жібереміз.

Қорытындылай келе, дәрілік өсімдік материалдарынан негізделген эубактерицидтік сабынның оңтайлы құрамы әзірленді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. *Kremers, H., & Smith, J. Soap Manufacture and Technology. 3rd edition, Springer, 2018, pp. 45–78.*
2. *Thompson, R. Natural Cosmetic Formulations. Routledge, 2020, pp. 102–135.*
3. *Barel, A. O., Paye, M., & Maibach, H. I. Handbook of Cosmetic Science and Technology. 4th edition, CRC Press, 2014, pp. 250–270.*
4. *Braun, S. Cold Process Soapmaking. 2nd edition, Chelsea Green Publishing, 2019, pp. 60–95.*
5. *Anastas, P. T., & Warner, J. C. Green Chemistry: Theory and Practice. Oxford University Press, 2000, pp. 12–48.*
6. *Ilyas, A., & Karim, M. Essential Oils and Their Applications in Personal Care. Elsevier, 2021, pp. 88–110.*
7. *Pavlov, V. Основы мыловарения и косметических средств. Москва: Химия, 2017, pp. 33–72.*

8. *Ivanova, T.* Экологически чистые косметические продукты. Санкт-Петербург: Питер, 2019, pp. 101–130.

9. *Kazakhstan Ministry of Health.* Санитарлық-гигиеналық регламенттер және жеке күтім өнімдері. Астана, 2022, pp. 15–40.

10. *Global Market Insights.* Soap and Detergent Market Report. 2023, pp. 5–20.

**Аблаева А.А., Сайлауов Н.Н.**

### **ТРАДИЦИОННОЕ ТВЕРДОЕ ТУАЛЕТНОЕ МЫЛО С ЭКОБАКТЕРИЦИДНЫМ ДЕЙСТВИЕМ**

*В настоящее время требования к экологической безопасности и микробиологической эффективности гигиенических средств возрастают. В связи с этим научное переосмысление технологии традиционного черного мыла на основе саккара становится актуальным. В данной работе рассмотрены состав и принципы действия традиционного твердого туалетного мыла с экобактерицидным эффектом. В качестве основы мыла используется саккар, получаемый из растительной золы, который служит естественным источником щелочи и обеспечивает протекание процесса омыления. Щелочная среда, характерная для саккара, снижает жизнеспособность микроорганизмов и служит основой формирования бактерицидных свойств мыла.*

**Алимбатыров М.Р.**

Главный специалист РГУ «Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан по Карагандинской области»

Караганда, Республика Казахстан

[Alimbatyrov\\_m@mail.ru](mailto:Alimbatyrov_m@mail.ru)

### **СТАНДАРТНЫЕ ОПЕРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕДУРЫ КАК ИНСТРУМЕНТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА В ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ**

*В условиях усиления государственного регулирования и внедрения международных стандартов надлежащих фармацевтических практик (GxP) особое значение приобретает обеспечение качества на всех этапах обращения лекарственных средств. Одним из ключевых инструментов фармацевтической системы качества являются стандартные операционные процедуры (СОП), регламентирующие порядок выполнения критически важных процессов в фармацевтической практике.*

Обеспечение качества лекарственных средств и фармацевтических услуг является одной из ключевых задач современной системы здравоохранения. В условиях усиления государственного регулирования, гармонизации национального законодательства с международными требованиями и внедрения принципов надлежащих фармацевтических практик особое значение приобретает документирование процессов. Одним из важнейших элементов системы качества являются стандартные операционные процедуры (СОП).

Стандартные операционные процедуры представляют собой документированные инструкции, регламентирующие порядок выполнения конкретных операций и процессов в фармацевтической практике. Основной целью СОП является обеспечение единообразия действий персонала, снижение влияния человеческого фактора и повышение воспроизводимости результатов деятельности.

СОП охватывают широкий спектр процессов: от приема, хранения и отпуска лекарственных средств до проведения температурного мониторинга, управления отклонениями и документирования деятельности. Наличие актуальных и корректно

оформленных СОП является обязательным требованием при фармацевтическом инспектировании.

Стандартные операционные процедуры являются неотъемлемой частью реализации требований GxP (GMP, GDP, GPP, GSP). В рамках надлежащей дистрибьюторской и аптечной практики СОП обеспечивают:

- соблюдение условий хранения и транспортировки лекарственных средств;
- контроль температурного режима и холодной цепи;
- правильность ведения учетной и отчетной документации;
- прослеживаемость действий персонала.

При проведении государственного контроля наличие, структура и актуальность СОП рассматриваются как один из ключевых показателей функционирования фармацевтической системы качества.

**Проблемы разработки и внедрения СОП.** Несмотря на нормативные требования, в практической деятельности фармацевтических организаций нередко выявляются проблемы, связанные с внедрением СОП. К ним относятся формальный подход к разработке документов, несоответствие СОП фактическим процессам, отсутствие регулярного пересмотра и недостаточная обученность персонала.

Отсутствие эффективной системы СОП может приводить к отклонениям, нарушениям условий хранения лекарственных средств и снижению общего уровня качества фармацевтической деятельности.

Грамотно разработанные и внедренные стандартные операционные процедуры способствуют повышению уровня внутреннего контроля, снижению рисков и обеспечению соответствия требованиям нормативных правовых актов. СОП также являются важным инструментом обучения и адаптации персонала, обеспечивая прозрачность и структурированность процессов.

Таким образом, стандартные операционные процедуры являются эффективным инструментом обеспечения качества в фармацевтической практике. Их внедрение позволяет повысить надежность процессов, обеспечить безопасность лекарственных средств и соответствие требованиям национальных и международных стандартов. Развитие и совершенствование системы СОП является необходимым условием устойчивого функционирования фармацевтических организаций.

#### **Список использованных источников:**

1. Кодекс Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК «О ЗДОРОВЬЕ НАРОДА И СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ»
2. Приказ и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 4 февраля 2021 года № ҚР ДСМ-15 «Об утверждении надлежащих фармацевтических практик»
3. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 января 2021 года № ҚР ДСМ-9 «Об утверждении правил проведения фармацевтических инспекций по надлежащим фармацевтическим практикам»

**Алимбатыров М.Р.**

### **ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ СТАНДАРТТЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ РӘСІМДЕР**

*Мемлекеттік реттеуді күшейту және тиісті фармацевтикалық практикалардың (GxP) халықаралық стандарттарын енгізу жағдайында дәрілік заттар айналымының барлық кезеңдерінде сапаны қамтамасыз ету ерекше маңызға ие болады. Фармацевтикалық сапа жүйесінің түйінді құралдарының бірі фармацевтикалық практикада аса маңызды процестерді орындау тәртібін регламенттейтін стандартты операциялық рәсімдер (СОП) болып табылады.*

Алпысбай Д.Ж., Дюсубалиев Д.М.  
“Bolashaq” академиясының 1 курс студенті  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[alpysbajdaulethan0@gmail.com](mailto:alpysbajdaulethan0@gmail.com)  
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Темиреева К.С.

## ЭКОЛОГИЯНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

*Мақалада экологияның адам денсаулығына тигізетін әсері қарапайым әрі түсінікті тілмен талданады. Ауа, су және топырақтың ластануы, экологиялық қолайсыз жағдайлар адамның физикалық және психикалық саулығына қалай әсер ететіні нақты мысалдар мен статистикалық деректер арқылы көрсетіледі. Экологиялық факторлардың созылмалы аурулар, аллергиялық және онкологиялық дерттердің жиілеуіне, сондай-ақ әлеуметтік және психологиялық салдарға әкелетіні айқындалады. Мақала қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсіндіреді және экологиялық саясат пен алдын алу шараларының қажеттілігін негіздейді.*

Жұмыстың өзектілігі қоршаған ортаның ластануы қазіргі таңда жаһандық деңгейде ең өзекті проблемалардың бірі болып отыр. Ауа, су және топырақ сапасының төмендеуі адам денсаулығына тікелей әсер етеді, созылмалы аурулар, аллергиялық және онкологиялық дерттердің көбеюіне әкеледі. Экологиялық жағдайдың халық денсаулығына әсерін зерттеу қоғамға экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алдын алу шараларын күшейту және болашақ ұрпақ денсаулығын қорғау үшін маңызды.

Экология мәселелері қазіргі таңда жаһандық деңгейде ең өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Қоршаған ортаның сапасы мен халық денсаулығының арасындағы байланыстығыз әрі көпқырлы болып табылады. Адамның өмір сүру ортасы — оның физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатының негізгі determinantтарының бірі. Өндірістік қызметтің қарқынды дамуы, урбандалу, көлік санының артуы және табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына алып келіп, бұл өз кезегінде халық денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді.

Экологиялық факторлардың адам ағзасына әсері ұзақ мерзімді және жинақтаушы сипатқа ие.

Экологиялық жағдайдың денсаулыққа әсерін нақтылау үшін статистикалық деректерге назар аудару маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, әлемдегі барлық аурулардың шамамен 20–25%-ы қоршаған ортаның қолайсыз факторларымен тікелей байланысты. Әсіресе атмосфералық ауаның ластануы жыл сайын миллиондаған адамның мезгілсіз өліміне себеп болып отыр. Бұл көрсеткіш экологиялық қауіптердің тек теориялық емес, нақты медициналық және әлеуметтік салдары бар екенін дәлелдейді.

Атмосфералық ауаның ластануы ең алдымен тыныс алу жүйесіне әсер етеді. Ауа құрамындағы қатты бөлшектер, күкірт диоксиді, азот оксидтері және көміртек тотығы бронхит, демікпе, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы сияқты сырқаттардың дамуына себеп болады. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, ірі өнеркәсіптік қалаларда тұратын адамдар арасында тыныс алу жолдары аурулары ауылдық жерлермен салыстырғанда бірнеше есе жоғары кездеседі.

Судың сапасы да халық денсаулығы үшін аса маңызды экологиялық фактор болып табылады [2].

Зерттеулерге сәйкес, сапасыз ауыз суды тұтынатын аймақтарда ішек жұқпалары мен паразиттік аурулар 1,5–2 есе жиі кездеседі. Кейбір өңірлерде ауыз судағы нитрат мөлшерінің рұқсат етілген деңгейден 2–3 есе артық болуы балалар арасында улану мен созылмалы асқазан-ішек ауруларының өсуіне алып келген. Бұл су ресурстарын қорғау мен тазарту жүйелерін жетілдірудің маңызын көрсетеді.

Таза ауыз судың жетіспеушілігі немесе судың ауыр металдармен, нитраттармен, патогенді микроағзалармен ластануы асқазан-ішек жолдары ауруларының, жұқпалы дерттердің және улану жағдайларының көбеюіне әкеледі. Әсіресе балалар мен қарт адамдар бұл факторларға аса сезімтал келеді. Су арқылы таралатын аурулар қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне елеулі салмақ түсіріп, экономикалық шығындардың артуына ықпал етеді.

Топырақтың ластануы да жанама түрде адам денсаулығына қауіп төндіреді. Ауыл шаруашылығында пестицидтер мен минералдық тыңайтқыштардың шамадан тыс қолданылуы топырақта зиянды химиялық қосылыстардың жиналуына әкеледі. Бұл заттар өсімдік өнімдері арқылы адам ағзасына өтіп, эндокриндік жүйенің бұзылуына, иммунитеттің төмендеуіне және созылмалы аурулардың дамуына себеп болуы мүмкін. Экологиялық таза емес тағам өнімдерін ұзақ уақыт тұтыну онкологиялық аурулардың пайда болу қаупін арттырады.

Экология мен халық денсаулығының өзара байланысында әлеуметтік-экономикалық факторлар маңызды рөл атқарады. Экологиялық қолайсыз аймақтарда көбінесе халықтың өмір сүру деңгейі төмен, медициналық қызметтерге қолжетімділік шектеулі болады. Бұл жағдай ауруларды ерте анықтау мен алдын алу мүмкіндіктерін азайтып, денсаулық көрсеткіштерінің нашарлауына әкеледі. Сонымен қатар экологиялық стресс, шу деңгейінің жоғары болуы, жасыл аймақтардың аздығы психоэмоционалдық күйге кері әсер етіп, депрессия мен мазасыздық деңгейінің өсуіне ықпал етеді.

Балалар денсаулығы экологиялық жағдайға ерекше тәуелді.

Медициналық бақылауларға сәйкес, экологиялық ластануы жоғары аймақтарда тұратын балалар арасында тыныс алу жүйесі аурулары шамамен 30–40% жиірек тіркеледі. Ал аллергиялық аурулар деңгейі экологиялық қолайлы өңірлермен салыстырғанда 1,5 есе жоғары болады. Бұл балаларды қорғауға бағытталған экологиялық және санитарлық шаралардың өзектілігін арттыра түседі [3] (1-кесте).

Кесте 1 – Экологиялық факторлардың халық денсаулығына әсерінің мысалдары

Экологиялық фактор	Негізгі ластаушы көз	Денсаулыққа әсері	Әсер ету деңгейі
Атмосфералық ауаның ластануы	Өнеркәсіп, көлік	Демікпе, бронхит, өкпе аурулары	Жоғары
Судың ластануы	Өндірістік қалдықтар	Ішек инфекциялары, улану	Орташа–жоғары
Топырақтың ластануы	Пестицидтер	Аллергия, онкологиялық аурулар	Орташа
Шу деңгейінің жоғары болуы	Көлік, өндіріс	Стресс, ұйқы бұзылысы	Орташа

Кестеде көрсетілгендей, экологиялық факторлардың әрқайсысы адам денсаулығына әртүрлі деңгейде әсер етеді, алайда олардың барлығы ұзақ мерзімді қауіп тудырады.

Өсу мен даму кезеңіндегі ағза сыртқы ортаның жағымсыз әсерлеріне аса сезімтал келеді. Экологиялық ластанған аймақтарда туылған балалар арасында туа біткен ақаулар, аллергиялық реакциялар және даму кешеуілдігі жиі кездеседі. Бұл жағдай болашақ ұрпақтың денсаулығын қорғау мәселесін экологиялық саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді [4].

Қазіргі таңда экология саласындағы мәселелерді шешу тек медициналық шаралармен шектелмеуі тиіс. Қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қалдықтарды азайту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және экологиялық білім беруді күшейту халық денсаулығын сақтаудың маңызды тетіктері болып табылады. Мемлекеттік деңгейде жүргізілетін экологиялық мониторинг пен профилактикалық бағдарламалар аурулардың алдын алуға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталуы қажет.

Қорытындылай келе, экологияның халық денсаулығына әсері өте ауқымды әрі терең екені анық. Қоршаған ортаның ластануы адам ағзасының барлық жүйелеріне дерлік кері әсер етіп, түрлі аурулардың пайда болуына және өмір сүру сапасының төмендеуіне алып келеді. Экологиялық проблемаларды елемеу болашақ ұрпақтың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан табиғатты қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықтың экологиялық сауаттылығын арттыру — қоғам дамуының маңызды бағыттарының бірі болуы тиіс. Тек кешенді және жүйелі шаралар арқылы ғана дені сау, экологиялық қауіпсіз қоғам қалыптастыруға болады [5].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO). Қоршаған орта және халық денсаулығы: негізгі деректер. Женева, 2022.
2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Қазақстандағы экологиялық жағдай туралы ұлттық баяндама. Астана, 2021.
3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесінің көрсеткіштері. Астана, 2020.
4. Ахметова Г., Серикова А. Экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсері. «Қазақстанның медициналық журналы», 2019; №4: 25–32.
5. Төлегенов Б., Нұрланқызы А. Қоршаған ортаның ластануы және қоғамдық денсаулық. Алматы: Қазақ университеті, 2018.

**Алпысбай Д.Ж., Дюсубалиев Д.М.**

**ВЛИЯНИЕ ЭКОЛОГИИ НА ЗДОРОВЬЕ НАСЕЛЕНИЯ**

*Статья рассматривает влияние экологии на здоровье человека доступным и понятным научным языком. Рассматриваются последствия загрязнения воздуха, воды и почвы, а также неблагоприятные экологические условия для физического и психического здоровья человека, с примерами и статистическими данными. Показано, что экологические факторы способствуют росту хронических, аллергических и онкологических заболеваний, а также оказывают социальное и психологическое воздействие. Статья подчеркивает необходимость охраны окружающей среды и внедрения профилактических мер.*

**Альжанова Ш.З., Шакаримова Ж.**

«Фармация» білім беру бағдарламасының студенттері, Қарағанды Медицина Университеті

Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[AlzhanovaS@qmu.kz](mailto:AlzhanovaS@qmu.kz), [AubakirovaZ@qmu.kz](mailto:AubakirovaZ@qmu.kz)

Ғылыми жетекші: фарм.ғ.к., қауымд. профессор Г.Т. Мурзалиева

**ҚАБЫНУҒА ҚАРСЫ ЖӘНЕ ТЕРІ ТОСҚАУЫЛЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРЕТІН  
КОСМЕТИКАЛЫҚ КРЕМ**

*Проблемалы тері дерматология мен косметологиядағы өзекті мәселе. Жұмыста қабынуға қарсы қауіпсіз косметикалық кремнің құрамы әзірленді.*

Қазіргі таңда проблемалы теріге күтім жасау дерматология мен косметологиядағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Проблемалы тері қабыну элементтерінің пайда болуымен, май бездерінің шамадан тыс белсенділігімен және тері тосқауылының әлсіреуімен сипатталады. Мұндай өзгерістер адамның сыртқы келбетіне ғана емес, психоэмоционалдық жағдайына да кері әсер етуі мүмкін [2, 4].

Проблемалы теріге арналған көптеген косметикалық құралдар құрамында агрессивті әсер көрсететін компоненттерді қамтиды. Бұл заттар қысқа мерзімді нәтижеге қол жеткізгенімен, терінің физиологиялық қорғаныш қабатын әлсіретіп, ұзақ уақыт қолданғанда жағымсыз әсерлерге әкелуі мүмкін. Осыған байланысты соңғы жылдары терінің табиғи функцияларын сақтай отырып әсер ететін косметикалық өнімдерді әзірлеуге ерекше көңіл бөлінуде [1].

Косметикалық құралдар косметикалық және терапевтік қасиеттерді біріктіре отырып, теріге жергілікті деңгейде әсер етеді. Олардың басты артықшылығы – қауіпсіздік пен тиімділіктің үйлесуі. Мұндай өнімдер құрамында гормондық белсенді заттар болмайды және ұзақ мерзімді қолдануға жарамды болып табылады [3, 5].

**Жұмыстың мақсаты** – проблемалы теріге арналған қабынуға қарсы және тері тосқауылын қолдайтын космецевтикалық кремнің тиімді құрамын әзірлеу.

#### **Зерттеудің объектілері мен әдістері**

Зерттеу нысаны ретінде проблемалы теріге арналған космецевтикалық крем алынды. Крем құрамына келесі белсенді компоненттер енгізілді:

Су (Aqua) – барлық ингредиенттерді еритетін негізгі орта, кремнің жеңіл текстурасын қамтамасыз етеді.

Глицерин – гидрофильді ылғалдандырғыш ретінде терінің мүйізді қабатында суды байланыстырып, трансэпидермальды ылғал жоғалуын төмендетеді.

Диметикон – жұмсартқыш және қорғаныш компонент ретінде тері бетінде жұқа қабат түзіп, тітіркену қаупін азайтады.

Ниацинамид (В<sub>3</sub> витамині) – май бездерінің қызметін реттеп, қабыну медиаторларының бөлінуін төмендетеді және тері тосқауылының қалпына келуіне ықпал етеді.

Салицил қышқылы – β-гидроксиқышқылдар тобына жататын, қабынуға қарсы, комедонолитикалық және бактерияға қарсы әсер көрсететін компонент.

Мырыш PCA (*Цинк пирролидонкарбоксилаты*) – себум секрециясын төмендетіп, микроорганизмдердің дамуына қолайсыз орта қалыптастырады.

Пантенол (Provitamin B5) – тері тосқауылының қалпына келуін қолдайтын, қабынуға қарсы және тыныштандырғыш әсері бар компонент. Ол проблемалы теріге тән тітіркену мен құрғақтықты азайтып, кремнің жұмсақ әсерін қамтамасыз етеді.

Изоцетил стеараты – эмомент ретінде кремнің текстурасын жақсартып, теріге жағылғанда ауыр майлы сезім қалдырмайды.

Глицерил стеараты SE (Glyceryl Stearate SE self-emulsifyin)– кремнің эмульсиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Ксантан шайыры (Xanthan Gum) – табиғи қоюландырғыш, құрылымдық тұрақтылық береді.


Лимон қышқылы (Citric Acid) – кремнің рН мәнін физиологиялық деңгейде (5,3–5,5) ұстап тұру үшін қолданылады.

Пироктон оламині (Piroctone Olamine) – микробиологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін консервант.

Крем эмульсиялық әдіспен дайындалды: су және май фазалары бөлек дайындалып, кейін гомогенизациялау арқылы біріктірілді.

#### **Проблемалы теріге арналған крем өндірісінің блок-схемасы**

Сызба-2. Проблемалы теріге арналған крем өндірісінің блок-схемасы



### Нәтижелер және оны талқылау

Зерттеу барысында проблемалы теріге арналған косметикалық кремнің құрамы әзірленіп, оның физика-химиялық және сапалық көрсеткіштері бағаланды. Крем эмульсиялық

әдіспен дайындалып, су және май фазалары НАО «ҚМУ» фармация мектебінің зертханасында гомогенизатор көмегімен біріктірілді.

Дайын өнім біртекті, жағымды консистенциялы, теріге жеңіл жағылатын және майлы із қалдырмайтын құрылымға ие болды. Кремнің сыртқы түрі ақшыл түсті, бөгде иіссіз болып, косметикалық өнімдерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келді.

Кремнің рН көрсеткіші 5,3–5,5 аралығында болды, бұл проблемалы тері үшін физиологиялық тұрғыдан қолайлы орта болып табылады. Мұндай рН деңгейі тері тосқауылының қалпына келуіне ықпал етіп, тітіркену қаупін төмендетеді. Бұл көрсеткіш лимон қышқылының көмегімен тұрақтандырылды

Құрамындағы ниацинамид май бездерінің секрециясын реттеп, қабынуға қарсы әсер көрсетсе, салицил қышқылы тері тесіктерін тазалауға және комедондардың азаюына ықпал етті.

Мырыш РСА (*Цинк пирролидонкарбоксилаты*) себум бөлінуін төмендетіп, микробтардың дамуына қолайсыз жағдай қалыптастырды.

Пантенолдың енгізілуі терінің тосқауылдық функциясын қалпына келтіруге ықпал етіп, кремнің тыныштандырғыш және жұмсақ әсерін қамтамасыз етті. Бұл компонент тітіркену мен құрғақтықты азайтып, басқа белсенді заттардың ықтимал агрессивті әсерін төмендету арқылы кремнің ұзақ мерзімді қолдануға жарамдылығын арттырды

Тұрақтылықты зерттеу нәтижесінде кремнің сақтау барысында фазаларға бөлінбейтіні, құрылымының өзгермейтіні анықталды. Глицерил стеараты SE (*Glyceryl Stearate SE self-emulsifyin*) мен ксантан шайыры кремнің құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Микробиологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша өнім консервант ретінде қолданылған пироктон оламинінің әсерінен бактериялар мен зеңдердің дамуына төзімділік көрсетті.

Жалпы алынған нәтижелер әзірленген космецевтикалық кремнің проблемалы теріге күтім жасау үшін тиімді, қауіпсіз және тұрақты өнім екенін дәлелдейді. Крем қабынуға қарсы, себум реттеуші және ылғалдандырғыш әсерді қамтамасыз етеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Байзолданов Т. «Косметикалық препараттар және оларды дайындауда қолданылатын белсенді және көмекші заттар». - Алматы: Эверо баспасы, 2020. – 212 б.

2. «Технология косметических и парфюмерных средств», авторы: А. Г. Башура, Н. П. Гладух.

3. Б.А Сағындықова, Р.М. Анарбаева «Дәрілік түрлердің тәжірибелік технологиясы». - Алматы: Эверо, 2018. -464б.

4. «Химия и технология косметических средств. В 2 ч. Ч. 1. Пеномоющие и очищающие средства», авторы: С. А. Богданова, Ю. А. Шигабиева, А. А. Князев, Ю. Г. Галяметдинов.

5. «Технология лечебно-косметических средств», авторы: И. А. Мурашкина, Л. А. Гравченко.

**Альжанова Ш.З., Шакаримова Ж.**

### **КОСМЕТИЧЕСКИЙ КРЕМ С ПРОТИВОВОСПАЛИТЕЛЬНОМ И ВОССТАНАВЛИВАЮЩИЙ КОЖНЫЙ БАРЬЕР**

*Проблемная кожа — актуальная проблема дерматологии и косметологии. Разработан состав безопасного противовоспалительного косметического крема.*

**Амирханова А.Ш., Койлыбаева М.К.**

Фармацевтикалық технология кафедрасының PhD, ғылыми атағы жоқ қауымдастырылған профессорлары, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ

Алматы, Қазақстан Республикасы

[amirkhanova\\_akerke@list.ru](mailto:amirkhanova_akerke@list.ru), [koilybayeva.mk@gmail.com](mailto:koilybayeva.mk@gmail.com)

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ ДӘРІЛІК ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНАН АЛЫНҒАН ТҰНДЫРМАЛАР АССОРТИМЕНТТЕРІН ТАЛДАУ**

*Жұмыстың өзектілігі өсімдік тектес тұнбалардың отандық және шетелдік ассортиментін талдаудан, сондай-ақ емен қабығы негізінде алынған тұнбаларды өндірушілердің үлесін айқындаудан тұрады.*

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында тұндырмалардың алуан түрі ұсынылған, оларды әртүрлі өндірістік кәсіпорындар шығарады. Осыған байланысты еліміздің фармацевтикалық нарығына талдау жүргізілді. Қазіргі таңда Қазақстандағы фармацевтикалық кәсіпорындар халықтың дәрі-дәрмекке деген сұранысын толықтай қамтамасыз етіп отырғанымен, қолданылатын дәрілік заттардың басым бөлігі импорттық өнімдерге тиесілі. Отандық өндірістегі дәрілік заттардың үлесі шамамен 15-20%-ды ғана құрайды. Бұл көрсеткіш фармацевтика саласының Қазақстанда әлі де қалыптасу және даму сатысында екенін аңғартады. Соған қарамастан, еліміз фармацевтикалық индустрияның даму қарқыны бойынша Орталық Азиядағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі болып саналады.

Қазіргі уақытта елімізде шамамен 80-ге жуық фармацевтикалық өнім өндіруші кәсіпорын жұмыс істейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес, алдағы 10 жыл ішінде дәрілік заттардың жалпы көлеміндегі фитопрепараттардың үлесі 60%-дан асады.

Жалпы алғанда, отандық фармацевтикалық нарықтың импортқа тәуелді болуы ғылым, өндіріс және білім салалары арасындағы байланыстың әлсіздігімен, ғылыми эзирлемелерді коммерцияландыру деңгейінің төмендігімен, сондай-ақ жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігімен байланысты. Сонымен қатар, ЕАЭО аясында бірыңғай фармацевтикалық нарықтың қалыптасуы саланың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, ұлттық валюта бағамының құбылмалылығы мен еуразиялық кеңістіктегі елдер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі белгілі бір тәуекелдерді де туындатады [1].

Мұндай дәрілердің негізгі артықшылығы – олардың табиғи ж экологиялық қауіпсіздігі, соның нәтижесінде фармацевтикалық нарықта жоғары сұранысқа ие болуы. Өсімдік негізінде дайындалатын дәрілік құралдар фитопрепараттар деп аталады. Фитопрепараттар – құрамында өсімдік шикізаты немесе өсімдік тектес биологиялық белсенді заттар бар, әртүрлі аурулардың алдын алу мен емдеуге қолданылатын дәрілік заттар. Құрамына қарай олар дәрілік өсімдік шикізаты, экстракциялық препараттар (экстракттар, тұндырмалар), жоғары тазартылған заттар, жеке белсенді қосылыстар және аралас препараттар болып бөлінеді. Сонымен қатар, фитопрепараттар әртүрлі дәрілік формада шығарылады: сұйық, қатты және жұмсақ түрлерде. Шөптен жасалған дәрілердің негізгі артықшылықтарына жанама әсерлерінің аз болуы, тәуелділік тудырмауы және қолжетімді бағасы жатады [2].

Өсімдіктердің тіршілік әрекеті барысында адам ағзасына әсер ететін көптеген биологиялық белсенді заттар түзіледі. Олардың қатарында алкалоидтар, гликозидтер, полисахаридтер, таниндер, флавоноидтар, эфир майлары және басқа да құнды қосылыстар бар. Осы тұрғыда иілік заттарға, фенолды қосылыстарға және флавоноидтарға бай емен ағашы (*Quercus cortex* L.) ерекше қызығушылық тудырады [3].

Қазақстан фармацевтикалық нарығына өсімдік тектес дәрілік заттарды алыс және жақын шетелдердің 39 елінің өндірушілері жеткізеді. Өндіруші елдер арасында Германия жетекші

орынға ие («Бионорика», «Доктор Тайсс»), екінші орында Ресей («Эвалар»), үшінші орында Австрия («Ричард Битнер ГмбХ»), төртінші орында Үндістан («Доктор Реддис»), ал бесінші орында Словения («КРКА») орналасқан. Қалған 34 елде (Беларусь, Украина, Индонезия, Нидерланды, Польша және т.б.) өндірілетін өсімдік тектес дәрілік заттардың үлесі 1–10% аралығында. Фитопрепараттардың ішінде емен ағашының әртүрлі бөліктерінен алынатын ДЗ үлкен танымалдылыққа ие. Осыған байланысты емен қабығынан (*Quercus cortex* L.) алынатын тұндырмалар нарығына шолу жасалды.

Отандық фармацевтикалық нарықтағы дәрілік заттар құрылымына тән бірқатар ерекшеліктер анықталған. Атап айтқанда, фитопрепараттар сегментінде шетелдік өндірістегі өнімдердің үлесі басым болып, олардың жалпы көлемі 91%-ды құрайды. Ақшалай көрсеткіш бойынша фитопрепараттар арасындағы сауда атауларының ішінде Қазақстанның жалпы фармацевтикалық нарығында Канефрон Н препараты жетекші орынға ие. Ассортимент құрылымында фитопрепараттардың негізгі бөлігін буып-түйілген дәрілік өсімдік шикізаты құрайды, оның үлесі шамамен 45%. Сонымен қатар, нарықта ұсынылған фитопрепараттардың едәуір бөлігі қабынуға қарсы әсерге ие дәрілік құралдар болып табылады, олардың үлесі 34%-ға тең. Өсімдік тектес дәрілік заттар негізінен бұршақ, астера және мирт тұқымдасына жататын өсімдіктерден алынған, бұл топтың жалпы үлесі шамамен 48%-ды көрсетті (Кесте 1).

Кесте 1 – Емен қабығынан (*Quercus cortex* L.) алынатын тұндырмалар нарығына шолу

№	Өндіруші атауы	Сипаттамасы
1	«Nature's Way»	«Nature's Way» өнімдер желісін қалыптастыру барысында заманауи инновациялық тәсілдер кеңінен қолданылып, көпжылдық тәжірибемен сыналған өндірістік үдерістерге негізделген. Компания емен қабығының тұндырмасын шөптік қоспа түрінде ұсынады және өнім сапасына қойылатын жоғары талаптарды қатаң сақтайды.
2	«Gaia Herbs»	Бұл компания табиғи шөптен жасалатын өнімдерді өндіруге маманданған және 1987 жылы құрылған. Олардың емен қабығы негізіндегі тұндырмалары кеңінен танымал өнімдердің қатарына жатады және жүрек ауруларының алдын алуда, сондай-ақ иммундық жүйені нығайтуға қолдануға болады.
3	«Solaray»	Емен қабығы негізіндегі тұндырма қабынуға қарсы әсерімен ерекшеленіп, түрлі мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.
4	«Dabur»	Компания иммундық жүйені күшейтуге және жүрек саулығын қолдауға бағытталған емен қабығы негізіндегі тұндырманы өндіреді.
5	«Banyan Botanicals»	Бұл – жоғары сапалы өнімдер өндіруге бағытталған, 1996 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан америкалық компания. Олардың емен қабығы негізіндегі тұндырмалары дәстүрлі аюрведиялық рецептуралар бойынша дайындалып, ас қорыту жүйесін жақсартуға және жалпы ағзаның әл-ауқатын қолдауға қолдануға болады.
6	«Nature's Answer»	Бұл – табиғи шөптен жасалатын өнімдерімен кеңінен танылған америкалық компания. Ол 1972 жылы негізі қаланып, сол уақыттан бері денсаулық сақтау саласындағы жетекші өндірушілердің бірі ретінде танылып келеді. Компанияның емен қабығы негізіндегі тұндырмалары жоғары сапалы экстракция әдістері арқылы алынған және ішек қызметін жақсартуға, сондай-ақ жалпы ағзаның әл-ауқатын қолдауға қолданылуы мүмкін.
7	«Здоровье»	Бұл компания тағам өнімдері мен дәрілік заттарға арналған табиғи қоспаларды өндіруге маманданған. Сонымен қатар, ол асқазан-ішек жүйесінің саулығын қолдауға арналған емен қабығы негізіндегі

	тұндырманы ұсынады.
--	---------------------

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында өсімдік тектес дәрілік препараттарды өндірушілер қатарында «Гербион», «Қызылмай», «Бионорика», «Хималайя», «Зерде-Фито» және басқа да компаниялар бар, олардың жалпы үлесі шамамен 7%-ды құрайды (Сурет – 1).



Сурет 1 – ҚР бойынша өсімдік тектес дәрілік препараттарды өндірушілер, %

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында өсімдік тектес дәрілік заттардың, әсіресе фитопрепараттардың маңызы жылдан жылға артып келе жатқанын атап өтуге болады. Синтетикалық дәрі-дәрмектердің кең ассортиментіне қарамастан, табиғи өнім және жанама әсерлерінің аздығы фитопрепараттарға деген сұранысты арттырып отыр. Алайда отандық нарықта фитопрепараттардың басым бөлігі импорттық өнімдер болып қалып отыр, бұл жергілікті өндірісті дамыту қажеттігін көрсетеді.

Емен қабығы (*Quercus cortex* L.) биологиялық белсенді заттарға бай, кең фармакологиялық әсерге ие және медицинада, фармацевтикада, сондай-ақ тағам өнеркәсібінде қолданылатын табиғи шикізат ретінде ерекшеленеді. Оның қабынуға қарсы, микробқа қарсы және антиоксиданттық қасиеттері дәстүрлі және заманауи медицинада жоғары бағаланады. Сонымен қатар, емен қабығын экологиялық тұрғыдан тиімді жолмен жинау мүмкіндігі бұл шикізатты тұрақты пайдалануға жол ашады.

Осыған байланысты емен қабығы негізінде жоғары сапалы, тиімді және биожетімді тұндырмаларды әзірлеу отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуға, импортқа тәуелділікті азайтуға және халықты қауіпсіз әрі қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге бағытталған өзекті ғылыми-практикалық міндет болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Юмарова Б.А, Сермухамедова О.В, Сакипова З. Б, Кесикова А.А, Евтушенко Е.Н, Датхаев. Обзор Казахстанского Рынка Лекарственных Средств Растительного Происхождения // Фармация Казахстана. - 2015., №6., С. 7-12.

2 М.И. Тлеубаева, Р.Е. Жыкбаева, У.М. Датхаев, Р.М. Абдуллабекова, М.Ю. Ишмуратова, Н.Е. Мырзабаева. Анализ Фармацевтического Рынка Лекарственных Препаратов Растительного Происхождения В Республике Казахстан // Вестник КазМНУ. - 2020., №1., С. 567-568.

3 Фармацевтический рынок Казахстана: история, основные направления развития и

